

Орал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 56-7 "2021-2023 жылдарға арналған Зачаган кентінің бюджеті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 57-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 қаңтарда № 6778 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 56-7 "2021-2023 жылдарға арналған Зачаган кентінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6633 тіркелген, 2021 жылы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Орал қаласының Зачаган кентінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға арналған бюджет келесі көлемдерде бекітілсін:".

2. Орал қалалық мәслихаты аппаратының басшысы (С.Давлетов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Сертеков

*Орал қалалық мәслихат хатшысының
міндетін уақытша атқарушы*

М. Каженов